

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені»



2024-2025 оқу жылының әдістемелік кеңес жоспары

Әдістемелік кеңестің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру және инновациялық педагогикалық тәжірибелерді енгізу.

Әдістемелік кеңестің басты міндеттері:

- Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- Педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу алаңын құру;
- Оқу-тәрбие құжаттарын жүйелеу және заманауи талаптарға сай жүргізу;
- Цифрлық трансформация, инновациялық технологиялар мен ЖИ (AI) құралдарын енгізуді үйлестіру;
- Балалардың дамуын, бейімделуін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын қарастыру;
- Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту.

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	№1 отырыс <i>"Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық"</i> 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру: • перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; • өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; • электронды портфолио жинақтау. 2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы. 3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру. 4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар). 5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары. 6. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек	Әдіскер Педагог-психолог
2	Тақырыбы: <i>«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті</i>	Қараша	Әдіскер

	<i>технологияларды енгізу"</i> Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу. 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы. 3. Ата-ана мен бөбекжай балабақша арасындағы қарым-қатынасты онлайн платформалар арқылы нығайту.		
3	Тақырыбы: <i>"Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту"</i> Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту. 1. «Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиялық технология арқылы дамыту» тәжірибесі. 2. 2024–2025 оқу жылы I жартыжылдықтағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
4	Тақырыбы: <i>"Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы"</i> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп (электронды форматта). 3. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау 4. Мамандардың жұмысын талдау. 5. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.	мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық»

Өткізілген күні: 2024 ж. қыркүйек айы

Өткізілген орны: Балабақшада әдіскер бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:
 - Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар).
5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары.
6. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Әдіскер сөзі.

Жаңа оқу жылына дайындық барысы жан-жақты түсіндірілді. Педагогикалық құжаттарды цифрлық форматта жүргізудің маңызы ерекше екендігі атап өтілді. Әсіресе перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг кестелері енді электронды түрде толтырылып, сақталуы тиіс екендігі түсіндірілді. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге, құжаттарды реттеуге, педагогтардың жұмысын жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды. Сондай-ақ әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбын анықтап, жеке даму жоспарын құрып, электронды портфолиосын жинақтауы қажет екендігі ескертілді. Электронды портфолио педагогтың кәсіби дамуының айқын көрсеткіші болатынына тоқталды.

2. Тәрбиешілердің пікірлері.

Тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасу, ҰІӨ-ге (ұйымдастырылған іс-әрекетке) қатысу педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесетіні туралы ой бөлісті. Бір-бірінің сабағына қатысып, әдіс-тәсілдерін көріп, тиімді тұстарын қолданудың пайдалы екенін айтты. Бұл өз кезегінде шығармашылық ізденісті дамытып, педагогтардың бір-біріне қолдау көрсетуіне жағдай жасайтыны атап өтілді.

3. Психолог сөзі.

Жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделуі – оқу жылының басты міндеттерінің бірі екендігі айтылды. Бұл үрдісті тиімді ұйымдастыру үшін онлайн (ата-аналар чаттары, бейнекеңестер, электронды сауалнамалар) және оффлайн (жеке әңгіме, ойын жаттығулары, топтық серуен, бейімдеуші сабақтар) әдістерді қатар қолданудың маңызы түсіндірілді. Психолог балалардың эмоционалды жай-күйін бақылау, ата-аналарға кеңес беру және бейімделу кезеңінде баланың өзін жайлы сезінуіне көмектесетін практикалық жаттығулар ұсынды.

4. Әдіскер сөзі.

Мектепке дейінгі мекемеде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жолдары түсіндірілді. Атап айтқанда:

- балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған арнайы қосымшаларды пайдалану;
- **Quiver** – балалардың суреттерін AR (қосымша шындық) арқылы жандандырып, қиялын дамыту;
- **Merge Cube** – 3D үлгілерді қарау арқылы танымдық қызығушылықты арттыру;
- ойын платформалары арқылы (Umaigra және т.б.) баланың логикалық ойлауын, тілін дамыту.

Жасанды интеллект технологиялары балалардың қызығушылығын оятып, оқу-тәрбие процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік беретініне баса назар аударылды.

Қаулы қабылданды:

1. Педагогтар 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарын электронды түрде толтырсын.
2. Әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбы мен жоспарын әдіскерге ұсынып, бекітсін.
3. Электронды портфолио жинақтау жұмыстарын қазан айына дейін аяқтау.
4. Педагогтар өзара ҰІӨ-ге қатысып, тәжірибе алмасуды жалғастырсын.
5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі үшін онлайн және оффлайн әдістерін қатар қолдану ұсынылсын.
6. Ата-аналармен цифрлық байланыс жүйесін жетілдіру: чат-боттар, мобильді қосымшаларды пайдалану.
7. Әдіскер мен педагогтар жасанды интеллект технологияларын тәжірибеге енгізу жолдарын қарастырсын.
8. Ағымдағы мәселелер бойынша жеке жауаптылар бекітілсін.

Әдіскер: Мәсінова Т.Ә.Мәсинова
Хатшы: Нағашығали Н.А.Нағашығали

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу – тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу»

Өткізілген күні: 2024 ж. Қараша айы

Өткізілген орны: Балабақшада әдіскер бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыру:

○ Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;

2. Ата-ана мен бөбекжай балабақша арасындағы қарым-қатынасты онлайн платформалары арқылы нығайту

Тыңдалды:

1. Әдіскер сөзі.

Педагогтың шығармашылық тақырыптары бойынша жобамен жұмыс жасау керек. Ол баланың дамуына ықпал етеді. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге, құжаттарды реттеуге, педагогтардың жұмысын жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды. Сондай-ақ әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбын анықтап, жоба тақырыбын анықтап, сол жобамен жұмыс жасалуы қажет.

2. Тәрбиешілердің пікірлері.

Жобамен жұмыс жасау біз үшін өте қажет. Сол жоба арқылы бала мен тәрбиеші бірге дамиды. Бұл өз кезегінде шығармашылық ізденісті дамытып, педагогтардың бір-біріне қолдау көрсетуіне жағдай жасайтыны атап өтілді.

3. Әдіскер сөзі.


Мектепке дейінгі мекемеде ата-ана мен бөбекжай балабақша арасында тығыз қарым-қатынас болуы керек. Ол өз кезегінде бала, ата-ана арасы мен педагогтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.


Қаулы қабылданды:

1. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар жүргізілсін. Әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбы мен жоспарын әдіскерге ұсынып, бекітсін.

2. Ата-аналармен цифрлық байланыс жүйесін жетілдіру: чат-боттар, мобильді қосымшаларды пайдалану.

3. Ата-аналар мен бөбекжай балабақша арасындағы қарым-қатынасты онлайн платформасы арқылы нығайту.

Әдіскер:  Т.Ә.Мәсинова

Хатшы:  Н.А.Нағашығали

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту»

Өткізілген күні: 2025 ж. Қаңтар айы

Өткізілген орны: Балабақшада әдіскер бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог

Күн тәртібі:

1. «Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиялық технология арқылы дамыту

2. 2024-2025 оқу жылы I жартыжылдықтағы негізгі құжіреттілітердің қалыптасуына талдау

Тыңдалды:

1. Әдіскер сөзі.

Қоғам ілгері дамыған сайын білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаты білім беруді ақпараттандыру, пәндерді ғылыми-технология негізде оқыту болып табылады. Сондықтан да мультимедиялық технологиялардың қолданылуы, алға қойылған педагогикалық мәселелерді сапалы және тиімді пайдалану қажет. Компьютерлік технологиялардың ішіндегі оқу үрдісінің қолайлысы- мультимедиялық технологиялар. Ол өскелең ұрпақтан ақпарат құралдарымен жұмыс істей білуінің бірден бір себебі.

2. 2024-2025 оқу жылы I жартыжылдықтағы негізгі құжіреттілітердің қалыптасуына талдау жасалды. I жартыжылдықта педагогтар ҰІӨ тиімді жүргізді. ҰІӨ күн сайын жүргізіліп отырылды. Сонымен қатар 1 қыркүйек Білім күні, 25 қазан Республика күні, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күндеріне арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

3. Тәрбиешілердің пікірлері.

Мультимедияны қолдану педагогтардың жұмысын жеңілдетеді. Балалардың ынтасын, белсенділігін, қызығушылығын арттырады. Бұл технологияны пайдалану арқылы бала көп нәрсемен танысады. Педагогтар өз сабақтарында осы технологияны пайдалану арқылы бала бойындағы қызығушылықты дамытады.

Қаулы қабылданды:

1. «Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиялық технология арқылы дамыту

2. 2024-2025 оқу жылы I жартыжылдықтағы негізгі құжіреттілітердің қалыптасуына талдау

Әдіскер: Мәсінова Т.Ә. Мәсинова

Хатшы: Нағашығали Н.А. Нағашығали

№4 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы»

Өткізілген күні: 2025 ж. Мамыр айы

Өткізілген орны: Балабақшада әдіскер бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп
2. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы
3. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту

Тыңдалды:


1. Әдіскер сөзі.


Педагогтар жыл бойы ҰІӨ бойынша және жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары мен, ертеңгіліктер жүргізіліп отырылды. Атап айтсақ 1 қыркүйек Білім күні, 25 қазан Республика күні, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні, 8 наурыз Аналар мерекесі және 22 наурыз Қазақтың ұлттық мейрамы, 1 мамыр Ұлттар күні, 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған тәрбие сағаттары және ертеңгіліктер өткізіліп инстаграм парақшасына жарияланды.

2. Педагогтар бірігіп жазғы сауықтыру шараларын құрастырды. Ол жаз мезгілінде жүргізіледі.

Қаулы қабылданды:

1. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есепті талдау
2. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту

Әдіскер:  Т.Ә. Мәсинова

Хатшы:  Н.А. Нағашығали